

Қазақстан Республикасындағы оқушы жастарды стипендиялық және материалдық қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 4 маусым N 920. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.12.10. N 1903 қаулысымен. ~P991903

Оқушы жастарды әлеуметтік қорғау, олардың оқу және шығармашылық белсенділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасындағы оқушы

жастарды стипендиялық және материалдық қамтамасыз ету туралы Ереже бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Оқушы жастарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 қаңтардағы N 9 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 1, 15-құжат);

"Кәсіптік-техникалық училищелердің оқушыларын материалдық қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 30 мамырдағы N 573 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, N 23, 248-құжат).

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 4 маусымдағы
N 920 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасындағы оқушы жастарды
стипендиялық және материалдық қамтамасыз ету туралы
ЕРЕЖЕ

1. Осы Ереже жоғары және орта арнаулы оқу орындарында (колледждерде) (бұдан әрі - жоғары оқу орындары және орта арнаулы оқу орындары), сондай-ақ кәсіптік-техникалық мектептерде оқитын адамдарға стипендия төлеумен басқа да әлеуметтік қолдау нысандарын көрсетудің тәртібін айқындайды.

2. Оқушы жастарды стипендиялық қамтамасыз ету және басқа да әлеуметтік қолдау нысандары оқу орнының бағыныстылығына қарай республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатының есебінен, сондай-ақ стипендиялық қорды үнемдеу есебінен құрылатын Жоғары оқу орындарының әлеуметтік көмек қорынан және басқа да (бюджеттен тыс) көздерден алынған қаражаттан жүзеге асырылады.

3. Стипендия - жоғары оқу орындары мен орта арнаулы оқу орындарының күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын адамдарға емтихан сессиясының нәтижелері бойынша тағайындалатын ақшалай төлем.

Мемлекет тапсырысының шеңберінде оқитын адамдарға стипендияның мөлшері жыл сайын "Республикалық бюджет туралы" Заңда белгіленеді.

4. Мемлекеттік оқу орындары жоғары оқу орындарының докторанттарына, аспиранттарына, студенттері мен магистранттарына, орта арнаулы оқу орындарының оқушыларына стипендия тағайындаудың тәртібі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі бекітетін Нұсқаулықпен айқындалады.

Мемлекет тапсырысының негізінде оқитын докторанттарға стипендия алатын лауазымдық жалақысының мөлшерінде тағайындалады, бірақ бұл жоғары оқу орны доцентінің жалақысынан аспауы тиіс.

Өндірістен қол үзіп мемлекет тапсырысының негізінде оқитын аспиранттарға ай сайынғы стипендияның мөлшері ғылыми дәрежесі жоқ кіші ғылыми қызметкердің лауазымды жалақысының деңгейінде тағайындалады.

Оқушы жастардың жекелеген санаттары үшін стипендияның мөлшері 1-қосымшаға сәйкес өсіріледі.

Заңды және жеке тұлғалармен тікелей шарттар бойынша оқитын адамдарды стипендиялық қамтамасыз етудің тәртібі шартпен айқындалады.

5. Өз қарамағында оқу орындары бар министрліктерге, сондай-ақ оқу орындарына республикадан тыс жерлерге оқуға жіберілген жоғары оқу орындарының аспиранттарына, студенттеріне, магистранттарына және орта оқу орындарының оқушыларына қолда бар бюджеттік және бюджеттен тыс қаражат шегінде жылына бір рет айлық стипендия мөлшерінде материалдық көмек көрсету құқығы беріледі.

6. Күндізгі бөлімдерінде оқитын жоғары оқу орындарының студенттері мен

магистранттарына, орта арнаулы оқу орындарының, сондай-ақ кәсіптік-техникалық мектептердің оқушыларына оқу орнының орналасқан жерінен жолға шығуына байланысты, практиканың барлық түрінен өту кезеңінде және кері қайту жолын қоса алғанда, ұйымдар қызметкерлердің іссапарларына байланысты әр күнге қосымша шығыстарды өтеу үшін қолданылып жүрген заңдармен белгіленген тәуліктік норманың 40 проценті мөлшерінде тәулікақы төленеді.

Оқу және өндірістік практикаға жіберілген адамдардың аталған санаттарына қалааралық теміржол, су және автомобиль көлігімен практикаға бару және кері қайту жолақысы толық төленеді.

7. Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде оқитын жоғары оқу орындарының шет қалалардың студенттеріне, орта арнаулы оқу орындарының оқушыларына каникул уақытында (жылына екі рет) бару-қайту тиісті бюджеттердің қаражатының есебінен қалааралық теміржол, су және автомобиль көлігі қатынасындағы жолақысының 50 проценті мөлшерінде жеңілдік жасалады.

8. Мемлекеттік жоғары оқу орындарының докторанттары, аспиранттары, студенттері мен магистранттары, орта арнаулы оқу орындарының оқушылары, даярлау бөлімдерінің тыңдаушылары үшін жатақханада тұрудың шекті құны айлық стипендия мөлшерінің 10 процентінен артық белгіленбейді.

9. Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде оқитын жоғары оқу орындарының барлық студенттеріне оқу, ғылыми және әдістемелік әдебиеттер сатып алу үшін оларға белгіленген бір айлық стипендия мөлшерінде қосымша жыл сайын мақсатты арналған жәрдемақы төленеді.

10. Оқу кезеңінде екі бірдей немесе жалғыз ата-анасынан айрылған күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттары, орта арнаулы оқу орындарының оқушылары толық мемлекеттік қамтамасыз етуге алынады.

Толық мемлекеттік қамтамасыз етудегі оқушы жастардың осы санаты және жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың қатарындағы адамдар үшін белгіленген стипендияның мөлшерінің 50 проценті мөлшерінде қосымша стипендия төленеді.

Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар қатарындағы кәсіптік-техникалық мектептердің оқушылары толық мемлекеттік қамтамасыз етуге алынады. Оларға орта оқу орнының оқушыларына белгіленген стипендияның 50 проценті мөлшерінде стипендия төленеді.

11. Кәсіптік-техникалық мектептердің оқушылары 2-қосымшаға сәйкес натуральды нормалар бойынша тамақпен қамтамасыз етіледі.

Кәсіптік-техникалық мектептердің директорлары оқушыларды тамақпен қамтамасыз етудің мүмкіндігі жоқ ерекше жағдайларда, отбасында тұратын

оқушыларға, оқушылар мен олардың ата-аналарының өтініші бойынша тамақтың орнына сауда үстемесін қоспай тамақ рационының белгіленген құнының ақшалай өтемін төлеуге құқылы. (Төлем оқушының сабақтарға себепсіз қатыспаған күндеріне төленбейді).

Бұдан басқа дәл осы тәртіппен өндірістік практикадағы, демалыс және мереке күндеріндегі кезең үшін тамақтың орнына ақшалай өтем төленіле алады. Каникул уақытында оқу кезеңіндегі тамақ құнының 60 проценті мөлшерінде, а қ ш а л а й ө т е м т ө л е н е д і .

Айға есептегендегі ақшалай өтемнің мөлшері мемлекеттік тапсырыс шеңберінде мемлекеттік жоғары оқу орындарында оқитын студенттерге айлық стипендиясы мөлшерінің 80 процентінен аспауы тиіс.

12. Кәсіптік-техникалық мектептердің оқушылары оқу шеберханаларында өндірістік оқу кезеңінде даярланатын мамандықтарына қарай арнайы киіммен, ал ұйымдардағы өндірістік практикада, осы ұйымдардың есебінен арнайы киіммен қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

Кәсіптік-техникалық мектептердің оқушыларына олардың өндірістік оқу және өндірістік практика кезеңінде еңбекпен тапқан сомалары 100 процент т ө л е н е д і .

13. Кәсіптік-техникалық мектептердің оқушылары оқу орнында оқу кезеңінде кітапхана қорынан оқулықтармен және оқу құралдарымен, ал ата-аналарынан бөлек тұратын оқушылар, бұдан басқа N 3 қосымшаға орай белгіленген нормативтерге сәйкес жеке басының гигиена заттарымен қамтамасыз етіледі.

1-қосымша

Оқушы жастардың жекелеген санаттары үшін

белгіленген стипендиясына үстеме

N	Стипендиаттардың тізбесі	Стипендияларды өсіру, проценттерде
1	2	3
1	Жауынгерлік іс-қимылдарға немесе өзге де	қызметтік міндеттерін орындау кезінде

- | жараланудың, контузияға ұшыраудың, |
| зақымданудың немесе науқастанудың салда. |
| рынан, Чернобыль АЭС-да болған апаттың |
| және азаматты немесе әскери мақсаттағы |
| басқа да объектілерде болған басқа да |
| радиациялық апаттар мен авариялардың, |
| ядролық қаруды сынаудың салдарынан |
| мүгедек болған немесе олардың мүгедектігі |
| ата-аналарының біреуінің радиация сәуле |
| алуымен генетикалық байланысты болған |
| жағдайда жоғары оқу орындарының студент. |
| теріне, магистранттарына және орта |
| арнаулы оқу орындарының (колледждердің) |
| оқушыларына | 50
- 2 | Жоғары оқу орындарының соқыр немесе |
| мылқау студенттеріне, магистранттарына |
| және орта арнаулы оқу орындарының |
| (колледждердің) оқушыларына | 75
- 3 | Жетім балалар және ата-аналарының |
| қамқорлығынсыз қалған, балалардың |
| арасындағы, бірақ азаматтардың қамқор. |
| лығындағы жоғары оқу орындарының |
| студенттері, магистранттары мен орта |
| арнаулы оқу орындарының (колледждердің) |
| оқушыларына | 30
- 4 | Жоғары оқу орындарының отбасылы студент. |
| тері мен магистранттарына және орта |
| арнаулы оқу орындарының оқушыларына | 25
- 5 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешім. |
| дерімен белгіленген белгілі ғылым, |
| техника және мәдениет қайраткерлері |
| атындағы стипендияны алушы жоғары оқу |
| орындарының студенттері мен магистрант. |
| тарына, арнаулы оқу орындарының |
| оқушыларына | 45

6	Жоғары оқу орны Ғылым Кеңесінің жеке пәнді зерделеудегі ерекше табыстары мен ғылыми-техникалық шығармашылығы үшін дербес стипендия белгіленген жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттарына (жоғары оқу орнында 7-ден аспайтын стипендия)	30
7	Емтихан сессиясының нәтижелері бойынша (жоғары оқу орындарының атаулы және Қазақстан Республикасының Президентінің стипендияларын алатын студенттерден басқа) тек "өте жақсы", "жақсы" және "өте жақсы" деген бағаға ие болған жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттарына және орта арнаулы оқу орындарының оқушыларына	30 15

2-қосымша

Кәсіптік-техникалық мектептің бір оқушысына

арналған тамақтанудың натуральды нормасы
(азық-түліктің тәуліктік жиынтығы)

Азық-түліктің грамдағы бір Азық-түлік атауы		күнге арналған мөлшері
Бидай наны		280
Қара бидай		170
Макарон өнімдері		20
Жармалар		60
Бұршақ өнімдері		8

Бидай ұны	50	
Кепкен бидай наны	10	
Крахмал	3	
Қант	75+5	кондитер тағамдары
Ет	160	
Шұжық тағамдары	10	
Қосалқы өнімдер (өкпе, бауыр, жүрек)	30	
Балық	70	
оның ішінде майшабақ	5	
Жұмыртқа	28 (0,7 тал)	
Сүт және сүт өнімдері	300	
Жартылай майлы сүзбе	60	
30 процент майлылықты қаймақ	15	
Ірімшік	15	
Сары май	25	
оның ішінде порциялығы	20	
Маргарин	30	
Өсімдік майы	15	
Картоп	300	
Көкөністер	350	
Томат-пюре	10	
Жеміс-жидектер немесе шырын	85	
Кептірілген жеміс-жидектер	15	
Кофе сусыны	2	
Шай	2	
Какао	1	
Дәмдегіштер	2	
Тұз	10	
Ашытқы	1	

3-қосымша

Кәсіптік-техникалық мектептің жатақханада

тұратын бір оқушысына арналған жеке басының гигиена
заттарының мөлшері

	Берілу мөлшері	Өлшем	Мерзім
Жеке басының гигиена заттарының атауы	бірлігі (ай)	ер ба.	қыз ба.
	лалар	лалар	

Жеке пайдалануға арналған сабын	грамм	1	150	200
Моншада жуынуға арналған сабын	грамм	1	100	100
Тіс щеткасы	дана	3	1	1
Тіс пастасы	дана	1	2	2
Тіс ұнтағы	грамм	-	100	100
Гигиенаға қажетті мақта	грамм	1	-	250
Тарақ	дана	6	1	1
Тұрмыстық бөлмедегі киім щеткасы	дана	6	25	оқушыға 1 дана есебінен
Жуыну жөкесі	дана	3	1	1
Кір жуатын ұнтақ	грамм	1	250	250
Оқу-өндірістік шеберханаларына арналған сабын	грамм	1	100	100